

**Словак Республикасының Сыртқы істер министрі Я.Кубиштің Қазақстан
Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 62-ө
Өкімі

2007 жылғы 20 - 22 наурызда Астана қаласына Словак Республикасының Сыртқы істер министрі Ян Кубиштің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:
қосымшаға сәйкес сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін;

Словак Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен белгіленген тәртіппен 283210 (екі жүз сексен үш мың екі жүз он) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Словак Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайында, тұратын және болатын орындарында қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
2007 жылғы 20 наурыздағы
N 62-өкімінен
қосымша

Сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шаралары

1. Словак Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос-Президент" қонақ үйінде 1+2 форматы бойынша орналастыру және көліктік қызмет көрестү.

2. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арналған арнайы рұқсатнамалар, күверткалар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Словак Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін кәдес ыйлар сатып алу.

4. Словак Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында

қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан Словак Республикасы ресми делегациясының мүшелері үшін Астана қаласында ресми қонақасы ұйымдастыру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК